

*Түркітану / Turkic Studies / Тюркология*

FTAMP 16.21.07

Ғылыми мақала

**Б.С. Қапалбек***Мемлекеттік тілді дамыту институты, Алматы қ., Қазақстан**(E-mail: zhomart\_til@mail.ru)***Түркологиядағы еуроөзекке түспеген ұлттық ұстаным**

**Аңдатпа.** Мақалада 1926 жылы Бакуде өткен Бірінші Бүкілодақтық түркологиялық съездің тарихи маңызы мен оның қазақ тіл біліміне, әліпби және терминология мәселелеріне ықпалы қарастырылады. Зерттеу барысында съезд шешімдерінің ғылыми негізі, қазақ зиялыларының ұстанымдары және кеңестік саяси ықпалдың күшеюі жағдайындағы тілдік реформалардың ерекшеліктері талданады. Сонымен қатар араб, латын және кирилл графикаларының енгізілу үдерісі тарихи-салыстырмалы тұрғыда сипатталып, қазіргі латын графикасына көшу мәселесінің сабақтастығы айқындалады. Нәтижесінде ХХ ғасыр басындағы ұлттық ұстаным мен кейінгі еуроөзек бағыттың арақатынасы ғылыми тұрғыдан тұжырымдалады.

**Түйін сөздер:** түркологиялық съез, әліпби реформасы, латын графикасы, терминология, Байтұрсынұлы

DOI: <https://doi.org/10.71078/yh7j6p90>

Түсті: 18.02.2026; Мақұлданды: 27.03.2026; Онлайн қолжетімді: 04.04.2026.

**Кіріспе**

ХХ ғасырдың алғашқы ширегі түркі халықтарының рухани, мәдени және ғылыми жаңғыру кезеңі ретінде сипатталады. Осы кезеңде ұлттық тіл, жазу және терминология мәселелері ғылыми қауымдастықтың басты назарында болды. Әсіресе 1926 жылы Бакуде өткен Бірінші Бүкілодақтық түркологиялық съез түркі халықтарының тілдік дамуына бағыт-бағдар берген маңызды тарихи оқиға ретінде бағаланады.

Аталған съез тек ғылыми алаң ғана емес, сонымен қатар ұлттық тіл саясаты мен жазу реформасының тоғысқан нүктесі болды. Бұл кезеңде қазақ зиялылары тілдің табиғи дамуын сақтай отырып, ұлттық әліпби мен ғылыми терминологияны қалыптастыруға ұмтылды. Алайда кейінгі кеңестік кезеңде бұл бағыт саяси идеологияның ықпалына түсіп, тілдік реформалар сыртқы факторлар негізінде жүзеге аса бастады.

Осы тұрғыдан алғанда, мақалада Баку съезінің шешімдері мен оның қазақ тіл біліміндегі орны, ұлттық және еуроөзектік ұстанымдардың арақатынасы, сондай-ақ қазіргі әліпби реформасымен сабақтастығы ғылыми тұрғыдан қарастырылады.

**Зерттеу әдістемесі**

Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, сипаттамалы және деректік талдау әдістері қолданылды. Бірінші кезекте 1926 жылғы Баку түркологиялық съезіне қатысты архивтік материалдар, сол кезеңдегі ғылыми жарияланымдар мен қазақ зиялыларының еңбектері сараланды.

Сонымен қатар ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының жазу, емле және терминология мәселелеріне қатысты пікірлері мәтіндік талдау арқылы қарастырылды. Түркі халықтарының әліпби реформасына байланысты қабылданған шешімдер салыстырмалы түрде талданып, олардың ғылыми және саяси негіздері ажыратылды.

Зерттеуде диахрондық әдіс арқылы әліпби эволюциясы (араб – латын – кирилл – қазіргі латын) кезең-кезеңімен қарастырылып, әр кезеңдегі өзгерістердің себептері мен салдары анықталды. Сонымен қатар қазіргі латын графикасына көшу үдерісі тарихи сабақтастық тұрғысынан бағаланды.

### Нәтижелер мен талқылаулар

1926 жылы Бакуде өткен Бірінші Бүкілодақтық түркологиялық съез кезеңінде түркі халықтарының ғылыми қауымдастығы салыстырмалы түрде еркін жағдайда қызмет етті. Бұл кезеңдегі ғылыми тұжырымдарда саяси ықпалдың деңгейі төмен болды немесе шектеулі сипатта көрініс тапты. Аталған съезге 131 оқымысты еркін түрде қатысқан. Алайда кейін олардың 120-сы саяси қуғын-сүргінге ұшырап, қамалып немесе атылған.

Бакуде өткен бұл тарихи съезге қазақ зиялыларының ішінен бес өкіл қатысқан: А.Байтұрсынұлы (1872-1937), Б.Сүлеев (1893-1937), Е.Омаров (1892-1937), Ә.Байсейітов (1893-1955), Н.Төреқұлов (1892-1937). Олардың ішінде Е.Омаров, Ә.Байсейітов және Б.Сүлеев съезге тікелей Қазақ үкіметінің жолдамасымен жіберілген. Н.Төреқұлов Мәскеуден шақырылып, сол кезеңде КСРО-ның сыртқы істер саласында жауапты дипломатиялық қызмет атқарған беделді мемлекет қайраткері ретінде қатысқан. А.Байтұрсынұлының съезге қатысуы жөнінде деректерде оның түрік немесе татар зиялыларының шақыруымен барғаны айтылады. Татар зиялылары мен қазақ қауымы арасындағы тарихи-мәдени байланыстардың нығаюына патша өкіметінің «указной молдаларды» қазақ даласына жіберуі, сондай-ақ діни оқу орындарының татар аймақтарында орналасуы және қазақ жастарының сол медреселерде білім алуы ықпал етті.

1926 жылғы съезге қатысқандардың 120-сы кейін саяси қуғын-сүргінге ұшырады, олардың қатарында Қазақстаннан барған бес қайраткер де бар. Олардың ішінде Ә.Байсейітовтен басқалары 1937 жылы атылды. Ә.Байсейітов 1935-1945 және 1949-1954 жылдары екі рет еңбек лагерлеріне айдалып, соның салдарынан денсаулығы нашарлап, 1955 жылы қайтыс болды. Сонымен қатар, съезге қатысқан деген дерек кездесетін Әміре Қашаубаев та қуғын-сүргінге ұшырап, 1934 жылы қайтыс болған.

Съезге қатысып қайтқан А.Байтұрсынұлы 1926 жылы «Жаңа мектеп» журналында (№7-8, 43-50-бб.) «Түрікшелер құрылтайы» атты мақала жариялады. Өз еңбегінде ол былай деп жазады: «Түрікшелердің 1-нші құрылтайына түрік нәсілді жұрттардың өкілін жібермегені аз болар. Қалмақтар да адамын жіберген. Бір шеті Стамбул, екінші шеті Қиыр Күншығыстағы Жапония – сол екі арадағы түрік нәсілді жұрттардың көбінің-ақ өкілдері болды. Бұрын қағаз жүзінде біліс болмаса, көрісу жоқ түрік жұрттары бірін-бірі жүзбе-жүз көріп танысты» (Байтұрсынұлы, 1992). Бұл пікір түркі халықтарының кең географиялық кеңістікте таралғанын және олардың ғылыми-мәдени байланыстарының нығайғанын көрсетеді.

Құрылтай қарауына 14 мәселе ұсынылып, әрқайсысы бойынша бірнеше баяндамалар жасалған. Алайда талқылаулардың негізгі өзегі латын графикасына көшу мәселесіне шоғырланғаны байқалады. А.Байтұрсынұлы құрылтай бағдарламасын толық келтіре отырып, оқу-ағарту саласына қатысты мәселелерді арнайы талдайды.

Біріншіден, емле мәселесі қарастырылды. Щерба емленің төрт түрін (дыбыс жүйелі, туыс жүйелі, тарихи, таңба жүйелі) бөліп көрсетіп, олардың ішінде дыбыс жүйелі емле ең тиімдісі ретінде танылған. Түркі халықтары үшін осы жүйе қабылданған. Сонымен қатар араб және латын графикалары салыстырылып, араб қарпін реформалау арқылы дыбыс жүйесіне бейімдеуге болатыны дәлелденген. Әліпбиді ауыстырудың үлкен шығын, ұйымдастырушылық қиындықтар және мәдени үзіліс тудыратындығы да көрсетілген.

Екіншіден, пән сөздері (терминология) мәселесі талқыланды. Түркі халықтарының ғылыми термин жасау тәжірибесінде ұлттық тілдің мүмкіндіктерін пайдалану, шет тілдік

сөздерді орынсыз алмау және әдеби тіл мен халық тілінің бірлігін сақтау қағидаттары басшылыққа алынған. Құрылтай шешімі бойынша бастауыш мектепте терминдер әр халықтың өз тілінен алынуы, орта мектепте ортақ түркілік терминдер қолданылуы, ал жоғары мектепте халықаралық терминдер пайдаланылуы тиіс деп белгіленген.

Үшіншіден, әліпби мәселесі қарастырылды. Латын графикасының айқын ғылыми артықшылығы дәлелденбегенімен, құрылтай шешімі латын қарпін қолдауға бағытталды. Қазақ зиялылары тарапынан қаріп ауыстырудың материалдық және мәдени қиындықтары көрсетіліп, негізгі қажеттілік – оқулық шығару және оқу ісін дамыту екендігі атап өтілді.

Төртіншіден, ана тілін оқыту әдістемесі талданды. Дыбыс жүйелі емле қабылдануына байланысты дыбысқа негізделген оқыту әдісі тиімді деп танылды. Сонымен қатар тіл білімін ереже жаттатумен емес, сөздің тұлғасы мен мағынасын тану арқылы меңгерту қажеттігі атап көрсетілді.

Қазақстанда съезден кейін латын графикасына көшу мәселесі кеңінен талқыланып, 1926 жылы «Жаңа әліпби қоғамы» құрылды. Оның құрамына Т.Шонанов, Т.Рысқұлов, М.Чумбалов, А.Сейдалинов, А.Байділдин, Б.Майлин, А.Сегізбаев сияқты қайраткерлер енді. Қоғамның мақсаты – латын әліпбиіне көшу идеясын насихаттау, жаңа әліпбиді енгізуге дайындық жасау, халықтың сауаттылығын арттыру және баспа ісін кеңейту болды.

Алайда Қазақстанда бұл үдеріс біркелкі жүзеге аспады. А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Е.Омаров бастаған «арабистер» тобы араб графикасындағы қазақ әліпбиін қорғап, латынға көшу қажеттілігі жоқ деген ұстанымды ұстанды.

А.Байтұрсынұлы араб графикасын реформалау мәселесіне қатысты былай деп жазады: «Біздің 10-шы жылдарда шығарып ескі ұсқы қоймасына тастаған нәрселерімізді кейбіреулер 26-ншы жылдарға дейін тұтынып келіп отырып, соны өзгерту ниетке жаңа қаріп керек дегендері бір артық жаңашылдық деп біліп, өздерін әлдеқандай өзгерісшіл көріп жүр екен. Тарих жүйелі араб емлесінің тас талқанын шығарып бұзып-жарып, араб қарпімен-ақ дыбыс жүйелі қазақ емлесін жасап алғанымыздан қабары жоқ екен. Олар арабтың емлесін бұздан қаріпті тастау оңай; қаріпті тастамай, емлесін бұзу болмайды деп ойлайды екен. Араб қарпынан латын қарпына көшеміз деудің ең негізгі себебі осы екен. Қазақ, қырғыз, башқұрт, татар араб емлесін бұзғаннан араб қаріптері қирамай, қайта түзеліп жақсы бола бермекші» (Шығармалар жинағы, 2013).

Сонымен қатар ол тіл мен жазу арақатынасы туралы: «Емле – жазу үшін шығарған нәрсе, жазу – тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек. Тілдің табиғатына қарамай зорлап, емлеге таңып байласақ, қытай қатындарының аяғы болып шығады. Түрік тілінің бәріне хомуми (ортақ) емле болу керек десек, түріктің қай баласында азбаған тұнық тіл, түзу емле болса, соны аларға керек. Асыл тіл, түзу емле қазақта боларға тиісті. Неге десек: ата кәсібін тастамай істеп келе жатқан – қазақ. Басқа жұртқа араласпай, өз алдына оңаша, оқшау жүрген – қазақ. Жат жазудың ыңғайына қарап, басқалардан тілін бұзуға, арасына жазу жайылмаған түрік баласы – қазақ», – деп тұжырымдайды. Оның бұл пікірі – бүгінгі әліпби реформасы үшін де өзекті ғылыми принцип.

1929 жылы КСРО деңгейінде қабылданған қаулыға сәйкес араб жазуынан латын графикасына көшу міндеттелді. Соған сәйкес Қазақстанда 1930 жылдан бастап араб графикасындағы баспа өнімдерін шығару толық тоқтатылып, барлық оқу құралдары жаңа әліпбиде шығарыла бастады.

Жаңа түркі әліпбиі жөніндегі Бүкілодақтық Орталық Комитеттің қызметінің нәтижесінде 1937 жылға дейін Кеңес Одағындағы 20 түркі тілдес халық латын графикасына көшті. Сонымен қатар 50-ден астам халық алғаш рет жазу жүйесіне ие болды. Қазақ тілінің латын графикасына негізделген соңғы нұсқасы 1938 жылы қабылданғанымен,

1940 жылы оның орнына кирилл графикасы енгізілді.

Қазіргі қазақ әліпбиі кирилл графикасына негізделген 42 таңбадан тұрады, ал қазақ тілінің төл дыбыстары 28-ге жуық. Бұл айырмашылық тарихи-саяси факторлардың ықпалымен қалыптасқан. Нәтижесінде әліпбиде артық таңбалар пайда болып, олар орыс тіліндегі сөздерді түпнұсқа орфографиясымен беру қажеттілігіне байланысты енгізілген (Қапалбек, 2024).

Қазақстанда латын графикасына көшу мәселесі 2017 жылдан бастап қайта жанданды. 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Президент Жарлығымен қазақ әліпбиінің латын графикасындағы нұсқасы бекітілді (Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы, 2017). 2018 жылғы 19 ақпанда осы жарлыққа өзгерістер енгізіліп, жаңа нұсқа ұсынылды. Сонымен қатар емле ережелері 2019 жылы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланды (Егемен Қазақстан, 2019).

Қазіргі кезеңде латын графикасына көшу үдерісі толық жүзеге аспай, баяулау жағдайында қалып отыр.

Жалпы алғанда, қазақ зиялылары ХХ ғасырдың басында ұлттық әліпби мен ғылыми терминологияны қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізді. Ә.Бөкейханов астрономия мен географияны, М.Жұмабаев педагогиканы, Х.Досмұхамедов анатомия мен зоологияны, Ж.Аймауытов психологияны, А.Байтұрсынұлы мен Т.Шонанов тіл білімін, Е.Омаров физика мен геометрияны, М.Әуезов әдебиетті, ал М.Дулатов, С.Қожанов, Ә.Ермеков математика салаларын дамытуға үлес қосты. Қ.И.Сәтбаев «Алгебра» еңбегін жазып, ұлттық ғылыми стильдің қалыптасуына ықпал етті.

### Қорытынды

Жазу жүйесінің тарихи дамуын салыстырмалы түрде қарастыру бірқатар халықтардың көне жазу дәстүрін үздіксіз сақтап келе жатқанын көрсетеді. Мысалы, грузин, армян, жапон, қытай халықтары өзінің көне ұлттық графикасын бүгінге дейін қолданыста ұстап отыр. Кәріс тәжірибесі де назар аударарлық: ұзақ уақыт қытай иероглифтерін қолданғанымен, XV ғасырда король Седжон бастамасымен тілдің фонетикалық табиғатына сай хангыль әліпбиі жасалып, ұлттық жазу жүйесіне айналды. Бұл мысалдар жазудың тек таңбалық құрал екенін көрсетеді.

Түркі халықтарының да көне жазба дәстүрі жоғары деңгейде дамыған. VII ғасырдағы көне түркі жазба ескерткіштері түркі өркениетінің терең тамыры мен мәдени деңгейін айғақтайды. Осыған байланысты түркі халықтарының тарихи сабақтастығын әлемдік деңгейде таныту үшін ортақ графикалық негізге сүйенген жазу жүйесін қарастыру өзекті.

Қазақ жазуының тарихи эволюциясы араб, латын және кирилл графикалары арқылы жүзеге асты. Қазіргі кезеңде латын графикасы негізінде түркі халықтарына ортақ әліпби қалыптастыру мәселесі күн тәртібінде тұр. Бұл үдеріс дыбыс пен таңба арасындағы байланыстың шартты екенін, яғни бір тілдің әртүрлі графикалық жүйелер арқылы беріле алатынын көрсетеді.

Осы негізде мынадай ғылыми ұсыныстар беруге болады:

- көне түркі жазуын түркі халықтарына ортақ тарихи-графикалық жүйе ретінде кешенді зерттеу және біріздендіру;
- қазіргі түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіне сәйкестендірілген бейімдеу модельдерін әзірлеу;
- білім беру жүйесіне көне түркі жазуының негіздерін арнайы курстар немесе факультативтер арқылы енгізу;
- цифрлық инфрақұрылымда (пернетақта, шрифт, кодтау жүйелері) көне жазуды қолдану мүмкіндіктерін дамыту;
- түркі мемлекеттері арасында ортақ жазу саясатына қатысты ғылыми-академиялық

ынтымақтастықты күшейту.

Қорытындылай келе, жазу жүйесін таңдау мәселесі тек техникалық сипаттағы шешім емес, ол ұлттық бірегейлік, тарихи сабақтастық және өркениеттік даму мәселелерімен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан көне түркі жазуын жаңғырту идеясы ғылыми негізде қарастырылып, кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын стратегиялық бағыт ретінде бағалануы тиіс.

### Әдебиеттер тізімі

Байтұрсынұлы, А. (1992). Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) (411–416 б.). Алматы: Ана тілі.

Жаңа емле – сындарлы қадам. (2019, 18 қаңтар). Egemen Qazaqstan. <https://egemen.kz/article/180755-zhanha-emle-%E2%80%93-syndarly-qadam>

Қазақстан Республикасы Президенті. (2017). «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» № 569 Жарлығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1700000569>

Қапалбек, Б. (2024). Білімшілердің «Тамыз» жиынына тамызық. Abai.kz. <https://abai.kz/post/186835>

Шығармалар жинағы (2013): Алты томдық. Т. VI: Мақалалар, хаттар, Ахмет Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар (Р. С. Имаханбет, құраст.). Алматы: Ел-шежіре.

### References

Baitursynuly, A. (1992). *Language teachings (Works on the Kazakh language and education)* (pp. 411–416). Almaty: Ana tili.

*Collected works in six volumes* (2013). Vol. VI: Articles, letters, and documents and materials about Akhmet Baitursynuly (R. S. Imakhanbet, Comp.). Almaty: El-shejire.

Kapalbek, B. (2024). *On the “August” meeting of intellectuals*. Abai.kz. Retrieved from <https://abai.kz/post/186835>

New orthography – a constructive step. (2019, January 18). *Egemen Qazaqstan*. Retrieved from <https://egemen.kz/article/180755-zhanha-emle-%E2%80%93-syndarly-qadam>

President of the Republic of Kazakhstan. (2017). *On transferring the Kazakh alphabet from Cyrillic to Latin script (Decree No. 569)*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1700000569>

### B.S. Kapalbek

*Institute for the Development of the State Language, Almaty, Kazakhstan*  
(E-mail: [zhomart\\_til@mail.ru](mailto:zhomart_til@mail.ru))

### A National Perspective in Turkology Beyond Eurocentrism

**Abstract.** This article examines the historical significance of the First All-Union Turkological Congress held in Baku in 1926 and its impact on Kazakh linguistics, as well as issues related to alphabet reform and terminology. The study analyzes the scientific foundations of the congress decisions, the positions of Kazakh intellectuals, and the specific features of language reforms under the increasing influence of Soviet political ideology. In addition, the processes of introducing Arabic, Latin, and Cyrillic scripts are described from a historical-comparative

perspective, and the continuity with the modern transition to the Latin script is identified. As a result, the relationship between the national approach of the early 20th century and the subsequent Eurocentric orientation is conceptually interpreted.

**Keywords:** Turkological Congress, alphabet reform, Latin script, terminology, Baitursynuly.

**Б.С. Капалбек**

*Институт развития государственного языка, г. Алматы, Казахстан  
(E-mail: zhomart\_til@mail.ru)*

### **Национальная позиция в тюркологии вне евроцентризма**

**Аннотация.** В статье рассматривается историческое значение Первого Всесоюзного тюркологического съезда, состоявшегося в Баку в 1926 году, а также его влияние на казахское языкознание, вопросы алфавита и терминологии. В ходе исследования анализируются научные основания решений съезда, позиции казахской интеллигенции и особенности языковых реформ в условиях усиления советского политического влияния. Кроме того, в историко-сравнительном аспекте описывается процесс внедрения арабской, латинской и кириллической график, а также выявляется преемственность современных процессов перехода на латиницу. В результате формулируется научное обобщение соотношения национальной позиции начала XX века и последующего евроцентристского направления.

**Ключевые слова:** тюркологический съезд, реформа алфавита, латинская графика, терминология, Байтурсынулы

#### **Автор туралы мәлімет:**

**Қапалбек Б.С.** – филология ғылымдарының кандидаты, Мемлекеттік тілді дамыту институты, Алматы, Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0679-1304>

#### **Information about author:**

**Kapalbek B.S.** – Candidate of Philological Sciences, Institute for the Development of the State Language, Almaty, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0679-1304>

#### **Сведения об авторе:**

**Капалбек Б.С.** – кандидат филологических наук, Институт развития государственного языка, г. Алматы, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0679-1304>



Бұл жұмыс Creative Commons Attribution-Коммерциялық Емес 4.0 Халықаралық лицензиясы бойынша лицензияланған.  
This work is licensed under Creative Commons Attribution-Noncommercial 4.0 International License